



ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

19.09.24 № 02-001-02/316

Орал қаласы

город Уральск

Батыс Қазақстан облысының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

№ 02-001-02/316

Орал қаласы

«18» қыркүйек 2024 жыл

Төрағалық еткен:

Қ.Ш. Айтмұхамбетов - комиссия төрағасы, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары.

Қатысқандар: комиссия мүшелері, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері

- Ж.Д. Халиуллин - комиссия төрағасының орынбасары, Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы;
- М.Ж. Маутов - комиссия хатшысы, Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы;
- Н.С. Өтепбаев - Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы;
- Е.Н. Досмақов - «Ақжайық» ӘКК» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы;
- М.М. Құлманбаев - Батыс Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасы директоры;

- Б.Г. Лаврентьев - «Ақ Жол» орта және кіші бизнесті қолдау ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің директоры;
- Н.Е. Рахымжанов - «Батыс» шаруалар орталығы қауымдастығы» Батыс Қазақстан облысының жеке кәсіпкерлер бірлестігінің төрағасы;
- А.М. Дәулетжанов - «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;
- Б.А. Атауов - «БҚО ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің өкілі;
- А.С. Туркина - «Заман» өндірушілер ассоциациясының директоры.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Батыс Қазақстан облысының тұрақтандыру қорына сатып алу интервенциясын жүргізу бойынша.

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының кейбір түрлеріне бағаны тұрақтандыру мақсатында келесі сұрақтар қаралуда:

1) Премьер-Министр орынбасары С.М. Жұманғаринның төрағалығымен ағымдағы жылдың 3 қыркүйегінде өткізілген «Қант өндірісін қаржыландыру мәселесі жөніндегі» кеңес отырысының қорытындысымен жасалған хаттамалық тапсырмасына байланысты «Меркі қант зауыты» ЖШС-мен 2023 жылдың 13 қазанында жасалған №133 шартының мерзімін тағы бір жылға ұзарту.

2) «Агрофирма Ақас» ЖШС – жергілікті тауар өндіруші, 1 данасы 47 теңгеден 1 млн. дана тауық жұмыртқасын жеткізуге дайын.

ШЕШІМ:

1. «Меркі қант зауыты» ЖШС –мен қант өнімін жеткізуге жасалған 2023 жылғы 13 қазандағы №133 келісімшартының мерзімі 2025 жылдың 1 қазанына дейін ұзартылсын. ЖШС аталған кезеңге және келісімшарттың жалпы сомасына сақтандыру шартын ұсынсын.


2. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №300 «Батыс Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру» қағидасының 7-тармағы 1,2 және 4-тармақшасына сәйкес облыстың тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесі, көлемі, тіркелген бағалары төмендегі кестеге сәйкес айқындалсын:

№	Тауардың атауы	Сатып алудың белгіленген бағасы, тг/дана	Жалпы көлемі, дана	Сатып алудың тіркелген сомасы, теңге	Шекті сауда үстемесі	Сатып алу тәртібі
1.	Жұмыртқа	47 теңгеден жоғары емес	1 000 000	47 000 000	10% жоғары емес	Тікелей сатып алу
Барлығы			1 000 000	47 000 000		


3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №300 «Батыс Қазақстан облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру» қағидасының 43-тармағына сәйкес, «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ және «Ақжайық» ӘКК» АҚ бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары және ресми сайттар арқылы тұрғындарға жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізсін.

Қолы:

Төрағалық етуші  Айтмұхамбетов Қ.Ш.

Комиссия мүшелері:


Халиуллин Ж.Д.




Өтепбаев Н.С.



Досмақов Е.Н.



Құлманбаев М.М.



Лаврентьев Б.Г.

Б. Лаврентьев

Рахымжанов Н.Е.

Н. Рахымжанов

Дәулетжанов А.М.

А. Дәулетжанов

Атауов Б.А.

Туркина А.С.

Комиссия хатшысы:

М. Маутов

Маутов М.Ж.